

Қ.Қ. Сарекенова , А.М. Меліс* 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

*e-mail: aishok_051995@mail.ru

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ЖЕР-АНА» ҰҒЫМЫ

Мақалада Шыңғыс Айтматов шығармаларындағы «Жер-Ана» ұғымының көркемдік-философиялық мазмұны концептілік тұрғыда жан-жақты талданады. Жазушы туындыларында табиғат тек қоршаған орта емес, адамзаттың рухани болмысы мен тарихи жадын бейнелейтін кең ұғым ретінде көрініс табады. Зерттеу нысаны ретінде «Жан пида», «Қош бол, Гүлсары», «Ақ кеме», «Ғасырдан да ұзақ күн» шығармалары алынған. Әр шығармада Жер-Ана образы түрлі логикалық модельдер арқылы (тіршілік көзі, әділет символы, мейірімді ана, тарихи жад иесі) ашылып, жазушының табиғатқа, жерге деген гуманистік және экологиялық көзқарасы көрсетіледі. Сондай-ақ көркемдік бейнелеу құралдары, пейзаж сипаттары мен кейіпкер табиғатына қатысты мағыналық өрістер анықталып, концептінің ұлттық дүниетаныммен сабақтастығы айқындалған. «Жер-Ана» ұғымының рухани, философиялық және экологиялық қырлары талданып, жазушының табиғатқа деген терең гуманистік көзқарасы мен жерге қатысты ерекше құрметі көркемдік құралдар арқылы қалай берілетіні нақты мысалдармен дәлелденеді. Сонымен қатар «туған жер», «атақоныс», «ана бейнесі», «табиғат тылсымы» сияқты мағыналық өрістері көркем мәтінде қалай берілгені көрсетіледі. Мақалада Жер-Ана концептісінің рухани, философиялық, экологиялық қырлары жүйеленіп, көркем мәтінмен сабақтастырыла сараланған. Мақалада алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарындағы сөз мағынасына қатысты пәндерді оқытуда және тақырыпқа қатысты зерттеулерде пайдалануға болады.

Түйін сөздер: Жер-Ана, табиғат, экология, адам, өмір, концепт.

K.K. Sarekenova, A. Melis*

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

*e-mail: aishok_051995@mail.ru

The concept of “Mother earth” in the works of Chingiz Aitmatov

The article comprehensively examines the artistic and philosophical content of the concept «Жер-Ана» (Mother Earth) in the works of Chingiz Aitmatov. In the writer's work, nature appears not only as an environment, but also as an extensive concept reflecting the spiritual essence of humanity and his-torical memory. The works «Жан пида» (“The soul victim”) «Қош бол, Гүлсары» (“Goodbye, Gulsary”), «Ақ кеме» (“White ship”), «Ғасырдан да ұзақ күн» (“A day longer than a century” are considered as objects of research. In each of these works, the image of Mother Earth is revealed through various logi-cal models (the source of life, the symbol of justice, the good mother, the bearer of historical memory), demonstrating the writer's humanistic and ecological attitude to nature and the earth. Artistic means of representation, landscape features and semantic fields related to the nature of the characters are also revealed, emphasizing the connection of the concept with the national worldview. The spiritual, philo-sophical and ecological aspects of the concept of “Mother Earth” are analyzed, and specific examples are given of how the writer's deep humanistic attitude to nature and special respect for the earth are expressed through artistic means. In addition, it examines how semantic fields such as «туған жер» (“na-tive land”), «атақоныс» (“grandfather's settlement”), «ана бейнесі» (“the image of a mother”), «табиғат тылсымы» (“mystery of nature”) are represented in the literary text. The article systematizes the spiritual, philosophical and ecological facets of the concept of Mother Earth, analyzed in the context of a literary text. The results obtained in the article can be used in teaching disciplines related to the meaning of the word in higher education institutions and in research related to the topic.

Key words: Mother Earth, Nature, Ecology, man, Life, concept.

К.К. Сарекенова, А.М. Мелис*

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

*e-mail: aishok_051995@mail.ru

Понятие «Мать-Земля» в произведениях Чингиза Айтматова

В статье всесторонне рассматривается художественно-философское содержание концепта «Мать-Земля» в произведениях Чингиза Айтматова. В творчестве писателя природа предстает не только как окружающая среда, но и как обширное понятие, отражающее духовную сущность человечества и историческую память. В качестве объектов исследования рассматриваются произведения «Жан пида», «Қош бол, Гүлсары», «Ақ кеме», «Ғасырдан да ұзақ күн». В каждом из этих произведений образ Матери-Земли раскрывается через различные логические модели (источник жизни, символ справедливости, добрая мать, носитель исторической памяти), демонстрируя гуманистическое и экологическое отношение писателя к природе и земле. Также выявляются художественные средства изображения, особенности пейзажей и смысловые поля, связанные с природой персонажей, подчеркивая связь концепта с национальным мировоззрением. Анализируются духовные, философские и экологические аспекты понятия «Мать-Земля», приводятся конкретные примеры того, как глубокое гуманистическое отношение писателя к природе и особое уважение к земле выражаются через художественные средства. Кроме того, рассматривается, как в художественном тексте представлены смысловые поля, такие как «туған жер», «атақоныс», «ана бейнесі», «табиғат тылсымы». В статье систематизируются духовные, философские и экологические грани концепта Матери-Земли, анализируемые в контексте художественного текста. Результаты, полученные в статье, могут быть использованы в преподавании предметов, связанных со значением слова в высших учебных заведениях, и в исследованиях, связанных с темой.

Ключевые слова: Мать-земля, природа, экология, человек, жизнь, концепт.

Кіріспе

Қазақ мәдениеті мен дүниетанымында табиғатпен тығыз байланыс және оның барлық элементтеріне деген құрмет ерекше орын алады. Бұл құбылыстың бір көрінісі ретінде қазақтың дәстүрлі түсініктерінде «Жер-Ана» ұғымы айрықша маңызға ие. Жер-Ана – адамның өмір сүруіне, тіршілігіне негіз болған, өмірдің бастауы саналатын табиғаттың тірі элементі. Бұл ұғым халықтың рухани дүниетанымында үлкен мәнге ие және қазақтың фольклорында, аңыздарында, салт-дәстүрлерінде айқын көрініс табады.

Қазақ халқының танымында Жер-Ана – өмірдің анасы, оны тіршіліктің бастаушысы ретінде көреді. Қазақтың көптеген аңыздары мен эпостық жырларында Жер-Анаға деген құрмет, оның адамзатқа берген ризашылығы туралы айтылады. Бұл ұғымның қазақ мәдениетінде ерекше орны бар екені сөзсіз. Қазақтар табиғатты тірі жандар ретінде қабылдайды, олармен өзара тығыз қарым-қатынас орнату маңызды деп санайды. Жер-Ана – бұл халықтың тіршілігін сақтаушы, оның денсаулығы мен бейбітшілігін қорғаушы күш.

Қазақ халқының «Жер-Ана» ұғымы – терең философиялық мәнге ие, бұл ұғым халықтың табиғатпен тығыз байланысын, оған деген құрметін және оны қорғау қажеттілігін көрсетеді. Жер-Ана қазақ тілінде тек жердің өзі ғана емес,

сонымен қатар оны қорғаушы, сақтаушы, өмір сүрудің негізі ретінде бейнеленеді. Осылайша, қазақтың дүниетанымында Жер-Ана ұғымы табиғатпен үйлесімділікті сақтау, оның киелігін түсіну және құрметтеу арқылы адамзаттың рухани өмірі мен күнделікті тіршілігінің маңызды бір бөлігі болып табылады. Міне, осы ұғымның философиялық, құндылықтық мәнін өз шығармаларында тереңінен толғап жазған ұлы жазушылардың бірі, жазушы – Шыңғыс Айтматов.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында жинақтау, семантикалық талдау, лингвистикалық саралау, индукция, жүйелеу әдістері қолданылды. Шыңғыс Айтматов – түркі халықтарының ұлы жазушыларының бірі, оның шығармалары адам мен табиғаттың, рух пен материяның өзара байланысын терең бейнелейді. Ш. Айтматов шығармаларында «Жер-Ана» ұғымы ерекше орын алады. Ол туған жердің киелілігін, табиғат пен адамның ажырамас байланысын көркемдік тұрғыдан жоғары деңгейде көрсетеді. Бұл мақалада жазушының «Жан пида», «Қош бол, Гүлсары», «Ақ кеме», «Ғасырдан да ұзақ күн» шығармаларындағы «Жер-Ана» бейнесі талданды. Осы 5 шығармасынан 30-ға жуық мысал теріп алынып, семантикалық талдау жасалып 4 мағыналық өрісі айқындалды.

Жер-Ана ұғымы әлем халықтарының мифологиясы мен әдебиетінде ерекше орын алады. Ол табиғаттың жандылығын, аналық қасиеттерін, қорғаушы және өмір сыйлаушы рөлін сипаттайды. Түркі және қырғыз әдебиетінде Жер-Ана образы көшпелі халықтардың дүниетанымында маңызды рөл атқарған. Жер-Ана – туған жердің символы ғана емес, сонымен қатар экологиялық тепе-теңдіктің де көрінісі болып табылады. Қазақ және қырғыз әдебиетінде бұл ұғым көбінесе адамның табиғатпен үйлесімділігі, рухани байланысы тұрғысынан қарастырылады.

Ш. Айтматовтың шығармашылығы да осы ұғыммен тығыз байланысты. Әдебиеттанушылар Б. Әбдіғазыұлы, С. Мұқанов және Қ. Жұмабаев Ш. Айтматов шығармаларындағы табиғат бейнесінің философиялық тереңдігін атап өтеді. Осы еңбектердегі тұжырымдарды саралау арқылы, талдау жұмысына арқау еттік.

Шыңғыс Айтматовтың шығармашылығы түркі әдебиеттануында кеңінен зерттелген. Әдеби сыншылар мен ғалымдар оның шығармаларындағы экологиялық және философиялық мәселелерді, сондай-ақ ұлттық болмыс пен мәдениетке қосқан үлесін жан-жақты қарастырған. Зерттеушілер Ш. Айтматовтың тілдік ерекшеліктерін, метафоралар мен көркемдік құралдарды қолдану тәсілдерін атап көрсетеді. Оның шығармалары уақыт пен кеңістік тұрғысынан шексіздікке ұмтылған, ал кейіпкерлері табиғатпен біте қайнасып, экологиялық және моральдық құндылықтарды насихаттайды. Сондықтан бұл мақалада қамтылған мәселелердің теориялық маңызы зор.

Әдебиеттерге шолу

Әдебиеттанушы Б. Әбдіғазыұлы Айтматов шығармаларындағы табиғаттың киелілігін, оның мифологиялық және философиялық қырларын зерттеген (2012). Сонымен қатар С. Мұқанов жазушының ұлттық дүниетаным мен заманауи өркениет арасындағы қақтығыстарды суреттеуін ерекше атап өтеді (1998). Қ. Жұмабаев Ш. Айтматов прозасындағы көркемдік әдістер мен тілдік құралдарды талдай отырып, оның шығармаларындағы Жер ұғымының маңыздылығына тоқталады (2005).

Зерттеуші Т. Исаев Ш. Айтматовтың шығармаларында символизм мен метафоралық бейнелердің ерекше маңызға ие екенін көрсетеді. Ол жазушының табиғатты тек бейнелеу құралы ретінде ғана емес, философиялық және рухани

мәнге ие категория ретінде қарастырғанын атап өтеді (Исаев, 2010). Сонымен қатар Ш. Айтматов шығармаларындағы экологиялық мәселелердің қазіргі заманғы өзектілігі зерттелген (Қ. Мырзахметов, 2018).

Түркі әдебиетін зерттеуші Ә. Қоңыратбаев Ш. Айтматов шығармаларындағы мифологиялық элементтерді қарастырып, Жер-Ана бейнесінің түркі халықтарының дәстүрлі сенімімен байланысын анықтаған. Сонымен қатар Ш. Уәлиханов түркі халықтарының табиғатты киелі санауы мен Ш. Айтматов шығармаларындағы табиғат культінің сабақтастығын атап көрсеткен (Қоңыратбаев, 2001). Ш. Айтматовтың дүниетанымы экологиялық дағдарыс мәселелеріне де бағытталғанын атап өтетін зерттеулер де бар (Сейтказин, 2015). Бұл зерттеулер жазушының шығармаларындағы табиғат пен адам байланысының тереңдігін көрсетеді. Ал жазушы шығармасын когнитивтік тұрғыда талдап, зерттеу жүргізген Е.И. Жоламанованың мақаласында жазушы прозасындағы «махаббат» концептісі қаралады (2015: 82-84).

Белгілі ғалым Ж. Дәдебаевтың пайымдауынша «Ш. Айтматов творчествосында халық ауыз әдебиеті, әсіресе аңыздық проза үлгілері кеңінен пайдаланылып келе жатқаны ғылымға да, оқырман жұртқа да белгілі. Жазушы шығармасында халық творчествосының мұндай үлгілерінің пайдаланылу амалдары мен тәсілдері, атқаратын көркемдік қызметі түрліше, өзара және суреттелініп отырған нақты өмір құбылыстармен байланыстары да мейлінше күрделі. Бұл секілді маңызды мәселелерді арнайы және терең қарастыру Ш. Айтматовтың жазушылық өнерінің психологиясы мен шеберлігінің басты бір қырларын аңғаруға мүмкіншілік берумен қатар әлем әдебиетінің даму тенденцияларының өзекті деген бағыттарын байқауға да септігін тигізеді (Дәдебаев, 2015).

Шыңғыс Айтматовтың шығармаларында Жер-Ана ұғымын қарастыруда шетелдік ғылыми әдебиеттер мен зерттеулер де маңызды орын алады. Айтматовтың шығармаларындағы табиғат пен адамның байланысы, экологиялық мәселелер, рухани құндылықтар мен әділет ұғымдары әлем әдебиетінде және философиясында кеңінен талқыланған тақырыптар болып табылады.

Шыңғыс Айтматовтың Жер-Ана концептісі экологиялық және әлеуметтік құндылықтармен тығыз байланысты. Экофеминизм мен экологиялық әдебиетте табиғат пен әйелдің бейнесі ара-

сындағы байланыс талқыланады, олар жиі мейірімді ана, қамқоршы бейнесінде көрініс табады. Бұл бағытта шетелдік ғалымдардың еңбектері Жер-Ана ұғымын тереңірек түсінуге көмектеседі. Мысалы, Val Plumwood еңбектерінде табиғаттың адам болмысына деген қатынасы мен оған жасалған қиянаттың салдары, табиғаттың антропоцентризммен қатынасы туралы жазып, табиғаттың өзіндік құқықтарын мойындауды ұсынады (1993). Ш. Айтматовтың шығармаларындағы Жер-Ана ұғымы табиғатты қорлау мен табиғи ресурстарды тым көп пайдалану мәселесін осы тұрғыдан қарастырады.

Жер-Ана бейнесі қазақ және қырғыз мәдениеттерінде анимистік көзқараспен байланысты, онда табиғаттың әрбір элементі жанды әрі киелі болып саналады. Бұл дәстүр батыс әдебиетінде де, әсіресе Mircea Eliade еңбектерінде көрініс табады. M. Eliade табиғат пен мәдениеттің өзара байланысын түсіндіріп, Жер-Ана ұғымының мифологиядағы және діндердегі маңыздылығын қарастырады (1959). Ш. Айтматовтың шығармаларында табиғаттың қасиеттілігі мен киелілігі туралы түсінік дәл осы мифологиялық негіздермен сәйкес келеді. Және адамзаттың қайта оралатын мекені деп айтылады. Осыған қатысты «Ахмед Яссауидің «Диуани Хикметіндегі» тілдік және мәдени кодтар» деген ғылыми еңбекте жер ұғымын топырақ сөзімен байланысты қарастырып, стилистикалық декодтау арқылы оны мәдени коннотация ретінде мәнін ашқан тұсында дәл осы мәселе қамтылады (Zhakupov, Sarekenova, Aimukhambet, 2023: 238-246).

Жер-Ана ұғымының философиялық талдауы экология мен экосистема ұғымдарымен тығыз байланысты. Arne Naess өзінің “Deep Ecology” теориясында табиғат пен адамның арасындағы гармонияны сақтаудың маңыздылығын атап өтіп, экологиялық дағдарысқа қарсы тұрудың философиялық негіздерін ұсынды (1973: 95-100). Жер-Ана ұғымы осы философиямен сәйкес келеді, өйткені Ш. Айтматовтың шығармаларында адам мен табиғаттың үйлесімді қарым-қатынасы көрсетіледі. Әсіресе, «Жан пид» мен «Ғасырдан да ұзақ күн» шығармаларындағы экологиялық дағдарыстар табиғаттың адамзатқа қарсы шығуының нәтижесі ретінде суреттеледі.

Жер-Ана ұғымы тек табиғатқа деген сүйіспеншілік емес, сонымен қатар экологиялық әділеттің символы ретінде де қарастырылады. John Rawls әділет теориясындағы «әділеттілік принциптерін» экологиялық мәселелерге қолдануға тырысады (1971). Ол табиғи ресурстарды тең

бөлу мен оларды қорғау мәселелеріне ерекше назар аударады. Ш. Айтматов шығармаларында экологиялық әділеттілік пен Жер-Ана алдындағы жауапкершілік мәселелері де осы философиялық ұстаныммен үндеседі.

Шыңғыс Айтматовтың шығармаларында Жер-Ана тарихи жадтың, мәдени мұраның сақтаушысы ретінде де көрінеді. Бұл идея шетелдік философтардың еңбектерінде де қарастырылады. Henri Lefebvre өзінің «The Production of Space» еңбегінде кеңістік пен уақыттың мәдени тұрғыдан қалай қабылданатынын талқылайды (1991). Бұл тұжырымдама Жер-Ана ұғымына қатысты өте маңызды, себебі табиғат тек физикалық кеңістік ретінде ғана емес, сонымен қатар халықтың мәдени жадын сақтайтын кеңістік ретінде сипатталады. Ш. Айтматовтың шығармаларында туған жердің әрбір бөлшегі өткеннің күәсі болып табылады, бұл жерге деген құрметті жоғалту адамзаттың тарихи жадымен байланысын жоғалтуға әкелетіні көрсетіледі.

Нәтижелер мен талқылау

Шыңғыс Айтматов – түркі халықтарының ұлы жазушысы, оның шығармалары терең философиялық мағынамен ерекшеленеді. Ол адам мен табиғаттың, рух пен материяның үйлесімділігін шебер жеткізе білді. Жазушының «Жан пид» романында Жер-Ана ұғымы ерекше орын алады. Бұл ұғым тек табиғаттың символы ғана емес, әділеттің, үйлесімділіктің және рухани құндылықтардың өлшемі ретінде бейнеленеді.

Жер-Ана – тіршілік көзі. «Жан пид» романында Жер-Ана адамзатқа өмір сыйлаушы ретінде бейнеленеді. Ол табиғат пен адамның ажырамас байланысын көрсетеді. Ш. Айтматов табиғатты жанды кейіпкерге айналдырып, оның адамзатпен тең дәрежеде екендігін меңзейді. Романның басты кейіпкерлерінің бірі Авдий Каллистратовтың тағдыры арқылы табиғат заңдарын бұзу мен оның салдары көрсетіледі. «Жер – мәңгі, ал адам – уақытша. Бірақ адам жерді түсіне алса ғана, оның шын мәніндегі иесі болмақ» (Ш. Айтматов). Авдийдің табиғатқа сүйіспеншілігі оның ойларынан айқын көрінеді: «Мен осы даланың үнін естимін. Бұл үн мені бала күнімнен баурап алған еді. Көкжиекпен астасқан шексіз кеңістік – менің үйім, менің рухымның мекені.

Экологиялық және рухани дағдарыс мәселелері. «Жан пид» романында Жер-Ана ұғымы экологиялық мәселелермен де тығыз байланысты. Романда табиғатқа жасалған зұлымдықтар,

адамның ашкөздігі мен немқұрайлылығы экологиялық дағдарысқа әкелетіні бейнеленеді. Авдийдің бейнесі арқылы адамның рухани азғындауы көрсетіледі. Ол әділеттілікті іздеп, табиғат пен рухани құндылықтарды қорғауға тырысады. Қаракшылардың табиғатты аяусыз пайдалануы Жер-Анаға жасалған қиянат ретінде суреттеледі. «Адамдар табиғаттан бәрін алады, бірақ оған ештеңе қайтармайды. Ал Жер-Ана шыдап келеді, үнсіз келеді... Бірақ оның да шыдамының шегі бар» (Ш. Айтматов).

Жер-Ана және әділет өлшемі. Жазушы Жер-Ана ұғымын тек табиғи орта ретінде емес, әділеттің символы ретінде де қарастырады. Жер-Ана адамзаттың іс-әрекетіне жауап қайтарып, әділетсіздікті кешірмейтін күш ретінде бейнеленеді. Романда табиғаттың адамға қарсы шығуы, экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы әділеттің заңдылығын көрсетеді. Авдийдің тағдыры Жер-Ана мен адамның арасындағы рухани байланыстың ажырап бара жатқанын білдіреді. «*Бір сәтке тыныштық орнады. Дала демін ішке тартқандай болды. Бәлкім, ол адамзаттың шешімін күткен шығар...*» (Ш. Айтматов).

Табиғат пен адамның үйлесімділігі. Ш. Айтматов Жер-Ана мен адамның үйлесімді қарым-қатынасын қалпына келтіруді насихаттайды. Табиғатты құрметтеу – адамзаттың болашағы үшін маңызды. Романда осы ойлар түрлі көркемдік құралдармен жеткізіледі. Пейзаждық суреттеулер арқылы табиғаттың сұлулығы мен киелілігі айқын көрсетіледі. Метафоралар мен символдар табиғат пен адамның рухани байланысын ашып көрсетеді. «*Дала мәңгілік сияқты көрінеді. Бірақ адам оған назар аудармайды. Тек жоғалтқанда ғана оның қадірін түсінеді*» (Ш. Айтматов).

Жазушы шығармаларында табиғатты суреттеуде көркемдік бояуы қанық тілдік құралдар қолданылады. Суреттеулер көбінесе экспрессивті-эмоционалды реңкке ие болады.

Мысалы, «Жан пида» романындағы табиғатты сипаттау: «*Күннің қызылы Жер-Ананың құшағына енді. Даланың самалы оның шашын сипап, ақ жасулығы желбіреп тұр...*» (Ш. Айтматов). Мұнда кейіптеу әдісі арқылы Жер-Ана адам бейнесінде сипатталып, оған эмоциялық жылулық беріледі.

«Жан пида» романындағы Жер-Ана ұғымы тек табиғатты суреттеу ғана емес, адам мен табиғаттың өзара байланысын терең түсінуге шақыратын көркемдік құрал болып табылады. Ш. Айтматов табиғатты қорғау мен оны құрметтеудің маңыздылығын ерекше көрсетіп,

адамзаттың Жер-Ана алдындағы жауапкершілігін айқындайды.

Ш. Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары» шығармасы туған жерге деген сүйіспеншілік пен адамның өткен өміріне деген сағынышты бейнелейді. Повестің басты кейіпкері Танабайдың тағдыры туған жерімен тығыз байланысты. Шығармада туған жердің табиғаты, оның кейіпкер өміріндегі орны мен маңызы көркемдік тұрғыда жоғары деңгейде суреттеледі.

Туған жер – адамның болмысының бір бөлігі. Шығарманың басты кейіпкері Танабай үшін туған жері оның өмірінің маңызды бөлігі болып табылады. Ол бүкіл ғұмырын осы жерде өткізіп, сол даланың кеңдігін, табиғатының сұлулығын жүрегімен сезінеді. «*Таң атып келе жатқанда дала күміс түске боялады, шексіз кеңістік еркін тыныс алғандай... Бұл даланы Танабай бала күнінен білетін, ол оның жанында мәңгі қалатынын сезетін*» (Ш. Айтматов). Танабай жылқы баптаған өмірінде туған жердің табиғатымен тығыз байланыста болды. Ол Гүлсары есімді жүйрігімен бірге осы даланың шексіз кеңістігін шарлады, сол арқылы өзінің туған жеріне деген сүйіспеншілігін білдіреді.

Туған жерге деген сағыныш. Жылдар өткен сайын Танабай туған жерінің қадірін бұрынғыдан да тереңірек сезіне бастайды. Өмірдің ағыны, заманның өзгеруі оны туған даласынан алыстатпаса да, өткен шаққа деген сағынышын күшейтеді. «*Гүлсары шапқан сайын Танабай жастық шағына оралып, өзінің бақытты кездерін есіне алды. Ол даланың әр түйір жусаны, әр тасы – бәрі оған таныс екенін сезінді*» (Ш. Айтматов). Бұл үзінді Танабайдың туған жерін тек мекен ретінде емес, жанының бір бөлшегі ретінде қабылдайтынын көрсетеді.

Табиғат пен адамның байланысы. Айтматов шығармасында табиғат жай ғана қоршаған орта емес, адамның жанының бір бөлшегі, оның тағдырымен тығыз байланысты рухани күш ретінде суреттеледі. Танабайдың Гүлсарыға деген сүйіспеншілігі оның туған жеріне деген махаббатымен қатар өрбиді. «*Тау желі самал боп есіп, көк-жиекке қызыл шапақ тарай бастады. Танабай көзін жұмып, туған жердің жұпар иісін терең жұтты*» (Ш. Айтматов). Бұл үзіндіде табиғаттың адамның ішкі сезімімен үйлесімі мен терең байланысы көркемдік детальдар арқылы бейнеленеді.

Өткен өмірге оралу мен қоштасу. Танабайдың Гүлсарымен қоштасуы – оның жастық шағымен, өткен өмірімен қоштасуының символы.

Бұл сәтте оның туған жеріне деген сезімі одан сайын тереңдей түседі. *«Гүлсарының жүзіне қараған Танабай оның көзіне туған даланың кеңдігі мен өзінің өмір жолын көргендей болды...»* (Ш. Айтматов). Бұл көрініс Танабайдың туған жеріне деген шексіз сүйіспеншілігін, өмірінің соңына дейін туған даласымен байланысын үзбейтінін көрсетеді.

Табиғат пен жерге деген сүйіспеншілік көбінесе қарт адамдардың, дана кейіпкерлердің сөзі арқылы беріледі. Туған жерімен қоштасу кезінде былай дейді: *«Мен осы жерден кетсем де, Жер-Ана мені ұмытпас. Ол менің табанымның ізін, менің арманымды сақтайды...»* (Ш. Айтматов). Бұл жерде жер тек физикалық кеңістік емес, адамның естеліктері мен болмысын сақтайтын рухани кеңістік ретінде қарастырылады.

Шыңғыс Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары» шығармасында туған жер ұғымы ерекше маңызға ие. Кейіпкер Танабайдың өмір жолы арқылы туған жердің адам өміріндегі орны, оның жүрек түкпіріндегі орны мен маңызы көркемдік шеберлікпен суреттелген. Шығарма туған жерге деген сағыныш, сүйіспеншілік, өмірдің өткіншілігі мен табиғаттың мәңгілігін тереңінен сезіндіреді.

Жер-Ана ұғымы ерекше орын алатын Ш. Айтматовтың тағы бір туындысы – «Ақ кеме» шығармасы. Жазушы табиғатты тек қоршаған орта ғана емес, адамның жанына рухани тірек болатын қасиетті күш ретінде бейнелейді. Бала кейіпкердің өмірі мен армандары арқылы Жер-Ана мен адам арасындағы тығыз байланыс терең суреттеледі.

Жер-Ана – мейірімді ана бейнесі. Шығармадағы басты кейіпкер – аты аталмайтын бала, табиғатпен ерекше байланыста өмір сүреді. Ол өзіне жақын адамдардан жылулық таппағанымен, айналасындағы табиғатқа сүйіспеншілікпен қарайды. *«Мен суды жақсы көремін. Су мені ешқашан алдамайды. Су менімен бірге ағады, мені тыңдайды»* (Ш. Айтматов). Бұл үзіндіде бала үшін табиғаттың тірі бейне екенін көруге болады. Ол табиғатты анасындай қабылдайды, себебі өз өмірінде қамқорлық пен мейірімге зәру.

Шығармада табиғаттың аналық мейіріміне қарамастан, адамдардың оған немқұрайды қарайтындығы айқын көрінеді. Бұған шалдың немересіне айтатын аңыздары мен адамдардың әрекеттері арасындағы қарама-қайшылық дәлел бола алады. *«Ертеде адамдар бұғы-ананы құрметтеген. Олар бұғыны киелі санап, оған тиіспеген. Бірақ уақыт өте келе, адамдардың жүрегі қатайып, олар табиғатты ұмытты...»* (Ш.

Айтматов). Бұл аңызда табиғатқа деген құрметтің жоғалуы адамзаттың рухани құлдырауымен байланыстырылады. Шығармада Жер-Ана тек қорған ғана емес, адамгершіліктің өлшемі ретінде де қарастырылады.

Бала үнемі Бұғы-Ана туралы аңызды тыңдап, оның шын өмірде бар екеніне сенгісі келеді. Ол табиғаттың бір бөлшегі болуды армандайды. *«Егер мен бұғыға айналсам, мені ешкім ренжітпес еді. Мен өзімді еркін сезінер едім...»* (Ш. Айтматов). Бұл ой оның адамдар арасындағы жалғыздық сезімінен қашып, табиғатқа жақындау ниетін білдіреді. Жазушы осы арқылы адамның Жер-Анадан алыстаған сайын, өз болмысынан ажырайтынын көрсетеді.

«Бұғы-Ана өзінің мейірімді көздерімен қарап, бәрін кешіретіндей еді. Ол ормандардың иесі, таулардың анасы болатын» (Ш. Айтматов). Бұл үзіндіде Бұғы-Ана бейнесі табиғаттың қамқоршысы әрі әділдігі ретінде сипатталады. Ол адамдардың қатыгездігіне қарамастан, оларға үмітпен қарайды. Шығармада адамдардың қатыгездігі Жер-Анаға жасалған қиянат ретінде бейнеленеді. Бала әділетсіздікке қарсы күресе алмаған кезде, табиғатқа қосылуды – яғни, өз өмірін басқа әлемге ауыстыруды таңдайды.

«Бала өзенге қарады. Су мөлдір еді, ол толқындармен бірге ағып, алыстағы ақ кемеге жетуді қалады...» (Ш. Айтматов). Осы тұста Жер-Анаға қайта оралу, табиғатпен толық үйлесімге жету идеясын білдіреді. Бірақ бұл – қасіретті шешім, өйткені адамдар өз әрекеттерімен Жер-Анадан ажыраған.

Жазушының «Ақ кеме» шығармасында Жер-Ана адамның ішкі әлемімен тығыз байланысты ұғым ретінде қарастырылады. Табиғаттың мәңгілік мейірімі мен адамдардың оған жасаған қиянаты арасындағы күрес шығарманың негізгі идеяларының бірі болып табылады. Жазушы табиғатты қорғау, оған құрметпен қарау қажеттілігін еске салады. Адамзат табиғаттан алыстаған сайын, өзінің шынайы болмысынан да ажырайтыны көркемдік шеберлікпен суреттелген.

Ш. Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романында Жер-Ана ұғымы тек табиғаттың символы ғана емес, сонымен бірге адамның рухани және мәдени өмірінің ажырамас бөлігі ретінде бейнеленеді. Жазушы туған жерге деген сүйіспеншілік пен табиғатқа жасалған қиянаттың салдарын шебер суреттейді. Романда табиғат пен адамның байланысы экологиялық апат пен рухани күйреу аясында қарастырылады.

Романның басты кейіпкері Едіге туған жеріне деген махаббатымен ерекшеленеді. Ол Бетпақдала табиғатын ерекше құрметтейді, оның әрбір тасының, өзенінің, жазығының өзіндік тарихы бар деп есептейді. *«Бұл дала – менің бабаларымның, әкемнің, өзімнің далам. Ол менің жанымның бір бөлігі»* (Ш. Айтматов). Бұл сөздер арқылы Едігенің туған жеріне деген терең сүйіспеншілігі мен оны қасиетті санауы көрініс табады. Ол үшін Жер-Ана – өмірдің бастауы, өткен мен болашақтың байланысы.

Романда теміржол құрылысы мен ядролық сынақтардың Бетпақдала табиғатына тигізген зияны үлкен орын алады. Табиғаттың бұзылуы тек физикалық қана емес, рухани да күйреуге әкеледі. *«Бір кезде көкпеңбек аспанның астында жайқалып тұрған даланы енді шаң мен улы түтін басты. Адамдар Жер-Анаға опасыздық жасады»* (Ш. Айтматов). Бұл үзіндіде Ш. Айтматов табиғатқа жасалған қиянаттың салдарын көрсетеді. Жазушы адамның материалдық мүдделерді жоғары қойып, Жер-Анаға деген құрметін жоғалтқанын меңзейді.

Шығармада Сарыөзек бекеті мен оның айналасындағы кеңістік адамзаттың табиғатты құртуының белгісі ретінде бейнеленеді. Бұрынғы жасыл алқаптардың орнына әскери полигондар мен радиациялық аймақтардың пайда болуы Жер-Анаға жасалған зорлықтың көрінісі. *«Жердің жүрегі бар болса, ол бізден теріс айналып, жылап жататын шығар»* (Ш. Айтматов). Бұл сөздер табиғаттың адам қолымен бүлінуін жазушының үлкен күйінішпен сипаттайтынын көрсетеді.

Романның тағы бір маңызды тақырыбы – Жер-Ана әділет пен тарихи жадтың символы ретінде қарастырылады. Бетпақдаланың әрбір тасы, әрбір шөбі өткеннің куәсі іспетті. *«Жердің жадында бәрі сақталады. Уақыт өтсе де, адамдар оны тыңдай білсе, шындықты айтады»*. Бұл ой табиғаттың адамдарға қарағанда тұрақты әрі әділетті екенін меңзейді. Адамдар өтеді, ал Жер-Ана бәрін есінде сақтайды (Ш. Айтматов).

Едіге үшін туған жер қасиетті мекен ғана емес, оның болмысын анықтайтын күш. Ол даланың әрбір бөлшегін қадірлейді, оның тынысын сезінеді. *«Бетпақдала тек шөл емес, ол – ағұмыр. Ол мені өсірді, ол мені шақырады»* (Ш. Айтматов). Жер-Ана тек физикалық мекен емес, рухани тірек ретіндегі рөлі көрсетіледі. Жер тек өмір сыйлап қана қоймайды, ол адамның жанын қалыптастырады.

Бұл романда Жер-Ана ұғымы адамның рухани дүниесі мен тарихи жадтың бір бөлігі ретінде сипатталады. Жазушы табиғатқа жасалған қиянаттың адамзат үшін ауыр зардаптарға әкелетінін көрсетеді. Табиғат – тек қоршаған орта ғана емес, ол адаммен бірге өмір сүретін мәңгілік күш. Ш. Айтматовтың бұл шығармасы туған жерді қадірлеуге, экологияға жанашырлықпен қарауға үндейді.

Ш. Айтматовтың жоғарыда талданған шығармаларынан «Жер-Ана» концептісінің әр түрлі логикалық модельдерін саралауға болады:

- *Жер-Ана – мейірімді ана бейнесі*
- *Жер-Ана – адам болмысының бір бөлігі*
- *Жер-Ана – тіршілік көзі*
- *Жер-Ана – тарихи жад*
- *Жер-Ана – әділеттің символы*
- *Жер-Ана – экологиялық жауапкершіліктің символы.*

Шыңғыс Айтматов шығармаларындағы «Жер-Ана» концептісі көркемдік деңгейде кеңінен ашылып, түрлі тілдік құралдар арқылы терең мағыналық реңктерге ие болады. Бұл концепт тек географиялық немесе табиғи орта ұғымымен шектелмей, адамның рухани болмысымен тығыз байланысқан символдық мәнге ие.

Лексика-семантикалық ерекшеліктері.

Ш. Айтматов шығармаларында «Жер-Ана» концептісін сипаттайтын сөздер мен тіркестер кең мағыналық өрісті қамтиды. Оларды келесі мағыналық топтарға жіктеуге болады:

- географиялық-экологиялық мағынасы: *жер, тау, дала, өзен, құм, шөп, ағаш, аспан, жел, боран* т.б.;
- рухани-мәдени мағынасы: *атамекен, туған жер, қасиетті топырақ, ана бейнесі* т.б.;
- философиялық және символдық мәні: *жердің анаға теңелуі, табиғаттың тіршілік көзі ретіндегі рөлі.*

Мысалы, жазушы «Топырақ ана», «Жер-ана» тіркестерін жиі қолдана отырып, табиғатты тірі жан иесі ретінде бейнелейді. Бұл қазақ және қырғыз халықтарының дүниетанымында кездесетін анимистік және мифологиялық көзқарастармен ұштасады.

Метафоралық қолданыстар. Ш. Айтматов шығармаларында «Жер-Ана» ұғымы метафоралық қолданыстар арқылы терең сипатталады:

- табиғаттың ана бейнесінде суреттелуі: *«Жер-Ана өзінің құшағында бәрін аялайды»;*
- құнарлы топырақтың өмір сыйлаушы ретіндегі рөлі: *«Жер-Ана бізге өмір сыйлады, бірақ біз оған қарыздармыз»;*

- жер мен адамның тығыз байланысын көрсету: *«Жерді күткен адам – өз анасын күткендей»*.

Бұл метафоралар «Жер-Ана» ұғымын оны тек физикалық мекен ретінде ғана емес, тіршілік көзі, қамқоршы ретінде де бейнелейді.

Тұрақты тіркестер. Шыңғыс Айтматов шығармаларында жер мен табиғатқа қатысты ұлттық дүниетанымға негізделген тұрақты тіркестер жиі кездеседі. Мысалы:

- *«Қасиетті жер»* – туған мекеннің маңыздылығын көрсетеді;

- *«Жердің иесі – халық»* – халықтың табиғатпен ажырамас байланысын бейнелейді;

- *«Анадай кең дала»* – жердің кеңдігін, оның ана секілді мейірімділігін сипаттайды.

Бұл фразеологиялық бірліктер жазушының тілдік шеберлігін айқындап, «Жер-Ана» концептісінің көркемдік қырын байытады.

1-кесте – Шығармадағы көркемдік құралдар қызметі

Тілдік құралдар	Мысалдар	Мағынасы мен қызметі
Лексикалық бірліктер	жер, дала, тау, өзен, шөп, құм, аспан	Табиғаттың негізгі элементтері арқылы Жер-Ананың көркем бейнесін жасау
Метафоралар	«Жер-Ана бізді бауырына басты»	Жердің тіршілік иесі ретінде сипатталуы
Фразеологизмдер	«Қасиетті жер», «Жердің иесі – халық»	Жерге қатысты халықтық дүниетанымды көрсету
Кейіпкерлердің сөздері	«Жер-Ананы қорлауға болмайды»	Табиғатты қастерлеуге шақыру, этикалық мән
Кейінтеу	«Жер-Ана ақ жаулығын желбіретіп, бізге мейірлене қарады»	Жердің адам бейнесінде суреттелуі, эмоционалды реңк
Экспрессивті-эмоционалды лексика	«Жер-Ана жылайды», «Ол – біздің мәңгілік мекеніміз»	Табиғаттың адам өмірімен тығыз байланысын көрсету
Көркемдік детальдар	«Қызыл күннің шапағы жерді аймалайды»	Табиғатты эстетикалық тұрғыдан бейнелеу

Шыңғыс Айтматов шығармаларындағы «Жер-Ана» концептісі тілдік тұрғыдан алғанда өте кең және көпқабатты ұғым болып табылады. Жазушы табиғатты тек физикалық кеңістік ретінде емес, тіршілік көзі, адамзаттың рухани мекені, тіпті, ана секілді мейірімді қамқоршы ретінде сипаттайды.

Жазушының тілінде метафоралар, фразеологизмдер, экспрессивті лексика, көркемдік бейнелеу құралдары үйлесімді қолданылып, «Жер-Ана» концептісінің көркемдік сипатын тереңдете түседі. Бұл концепт қазақ-қырғыз ұлттық дүниетанымымен тығыз байланысты болып, туған жерге деген сүйіспеншілікті, табиғатпен үйлесімді өмір сүру идеясын насихаттайды.

Шыңғыс Айтматов шығармаларындағы «Жер-Ана» концептісі тілдік тұрғыдан алғанда кең мағыналық өрісті қамтитын, ұлттық таным мен көркемдік бейнеліліктің ерекше бір көрінісі ретінде сипатталады. Жазушының көркем мәтіндерінде бұл концепт тек табиғатты сипаттайтын қарапайым сөз тіркесі ғана емес, терең символикалық мәнге ие күрделі ұғым ретінде көрініс табады. Жазушының шығармаларындағы Жер-Ана ұғымын зерделей отырып, мынадай тұжырымдар шығара аламыз.

Мағыналық өрістің кеңдігі. Ш. Айтматов шығармаларында «Жер-Ана» концептісі туған жер, атамекен, табиғаттың тылсым күші, адам мен табиғаттың үйлесімі, экологиялық мәселелер секілді мағыналық қабаттарда көрініс береді. Бұл ұғым поэтикалық, метафоралық және философиялық мәндерге ие.

Метафоралық қолданыстар. Жазушы «Жер-Ана» концептісін түрлі метафоралар арқылы бейнелейді. Мысалы, табиғатты адамға теңеу, жерді ана бейнесінде көрсету арқылы оның қасиеттілігін арттырады. Мұндай тәсілдер көркемдік құралдар арқылы оқырманның сезіміне әсер етеді.

Фразеологиялық бірліктер. Ш. Айтматов шығармаларында жер мен табиғатқа қатысты көптеген тұрақты тіркестер мен символикалық мәнге ие сөздер қолданылады. Бұл қазақ және қырғыз халықтарының дүниетанымымен ұштасып, «Жер-Ана» концептісінің ұлттық сипатын айқындай түседі.

Көркемдік стилистикасы. Жазушы тілінде ұлттық дүниетанымға негізделген лексикалық бірліктер мен экспрессивті бояуы қанық сөздер көптеп кездеседі. Бұл Айтматовтың тілдік ерекшелігін және «Жер-Ана» концептісін бейнелеудегі шеберлігін айқындайды.

Диалогтар мен монологтардағы рөл. Кейіпкерлердің сөйлеу тілі арқылы да «Жер-Ана» концептісінің мәні ашылады. Жазушы кейіпкерлердің ой-толғаулары арқылы туған жерге деген сүйіспеншілікті, табиғатқа деген құрметті жеткізеді.

Қорытынды

Шыңғыс Айтматов шығармаларында «Жер-Ана» концептісі ұлттық таныммен астасып, көркемдік және тілдік құралдар арқылы ерекше мағыналық реңктерге ие болады. Жазушы тілінде метафоралар, фразеологизмдер, экспрессивті лексика және көркемдік бейнелеу құралдары үйлесімді қолданылады. Бұл «Жер-Ана» ұғымының тек табиғи-экологиялық емес, философиялық, рухани және мәдени концепт ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ш. Айтматов шығармаларындағы «Жер-Ана» концептісі тілдік тұрғыдан қарастырғанда ұлттық руханияттың, дүниетанымның және көркемдік танымның айқын көрсеткіші болып табылады.

Шыңғыс Айтматов шығармаларында «Жер-Ана» ұғымы тек табиғатты сипаттайтын бейне емес, адамзаттың рухани және экологиялық жауапкершілігін айқындайтын терең философиялық концепт ретінде көрінеді. Жазушы табиғатты тірі ағзаға теңеп, оның адам өмірімен

тығыз байланысын көркемдік шеберлікпен бейнелейді. «Жан пидә», «Қош бол, Гүлсары», «Ақ кеме» сынды шығармаларында туған жердің қасиеті, экологиялық және рухани дағдарыс мәселелері, әділет пен үйлесімділік өлшемдері тереңінен қозғалады.

Ш. Айтматов кейіпкерлерінің тағдыры арқылы табиғат пен адам арасындағы үйлесімді қарым-қатынастың маңыздылығын алға тартады. Туған жердің киесі мен оны аялау қажеттілігі – оның шығармаларындағы басты идеялардың бірі. Жазушы табиғатты қорғай білудің, оны рухани құндылық ретінде түсінудің маңызын баса көрсетеді.

Қазақ және қырғыз мәдениетінде Жер-Ана ұғымы тек табиғи орта ретінде ғана емес, халықтың өмір салты мен дүниетанымның ажырамас бөлігі ретінде орныққан. Ш. Айтматов шығармалары осы ұғымның мәнін тереңдетіп, адам мен табиғаттың біртұтастығын, олардың өзара тәуелділігін сипаттайды.

Осылайша, Шыңғыс Айтматовтың шығармалары экологиялық сананың қалыптасуына, табиғат пен адам қарым-қатынасының маңызын ұғынуға, Жер-Анаға деген құрметті ұрпақ санасына сіңіруге үлкен үлес қосады. Жазушының табиғатты аялау туралы көтерген мәселелері қазіргі заман үшін де өзекті болып қала бермек.

References

- Abdigaziuly, B. (2012). Shyngys Aitmatov shygarmalaryndagy ekologialyq maseleler [Environmental problems in the works of Chingiz Aitmatov]. Almaty. QazUU baspasy (In Kazakh)
- Dadebaev, J., Bisenbaev, P., Karibozov, E. (2015). Shyngys Aitmatov zhane auyz adebiyeti [Chinghiz Aitmatov and folklore]. KazNU Bulletin. Philology series. Vol. 1 (153), P. 32-37.
- Mukanov, S. (1998) Aitmatov zhane onyn adebi alemi [Aitmatov and his literary world]. Astana. Elorda baspasy (In Kazakh)
- Zhumabaev, K. (2005). Sh. Aitmatov prozasynyn korkemdik erekshelekteri [Artistic features of Ch. Aitmatov's prose]. Almaty. Bilim baspasy (In Kazakh)
- Isaev, T. (2010). Sh. Aitmatov shygarmalaryndagy simvolizm [Symbolism in the works of Sh. Aitmatov]. Almaty: Qazaq universiteti (In Kazakh).
- Myrzahmetov, K. (2018). Sh. Aitmatov zhane kazirgi zaman ekologiasy [Ch. Aitmatov and ecology of the modern world]. Astana. Foliant baspasy (In Kazakh).
- Konyratbaev, A. (2001). Turki halyktarynyn mifologiasy [Mythology of the Turkic peoples]. Almaty. Ana tili (In Kazakh)
- Seitkazin, A. (2015). Sh. Aitmatov zhane ekologialyk dagdarys [Aitmatov and the environmental crisis]. Bishkek: Manas universiteti (In Kazakh)
- Zholamanova, E. (2015). O soderzhatelnyh komponentah konsepta "Lubov" v ruskoi i kyrgyzskoi lingvokulturah [About the content components of the concept of "Love" in the Russian and Kyrgyz linguistic cultures]. Eurasian Journal of Philology: Science and Education, Vol. 4(138), P. 82-84. (In Russian).
- Plumwood, V. (1993). Feminism and the Mastery of Nature. London: Routledge
- Eliade, M. (1959). The Sacred and the Profane: The Nature of Religion. New York. Harcourt.

Zhakupov. Z., Sarekenova. K., Aimukhambet. Z., Sagidolda. G., Omirbekova. Z., Akhmetova. M., & Tuyakbayeva. R. (2023). Language and Cultural Codes in Ahmed Yasawi's Diwani Hikmet: A Linguacultural Study. Eurasian Journal of Applied Linguistics, Vol. 9(3), P. 238-246.

Lévi-Strauss, C. (1969). The Raw and the Cooked: Introduction to a Science of Mythology. New York. Harper & Row.

Naess, A. (1973). The Shallow and the Deep, Long-Range Ecology Movement: A Summary. Inquiry, Vol. 16(1), P. 95-100 (in English)

Rawls, J. (1971). A Theory of Justice. Cambridge. MA. Harvard University Press.

Lefebvre, H. (1991). The Production of Space. Oxford. Blackwell.

Авторлар туралы мәлімет:

Сарекенова Қарлығаш Құрманғалиқызы – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры м.а. (Астана, Қазақстан, e-mail: sareke.kk@gmail.com);

Меліс Айшырақ Медғатқызы (корреспондент-автор) – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан, e-mail: aishok_051995@mail.ru).

Information about the authors:

Sarekenova Karlygash – Candidate of Philology, associate professor, Acting professor of the Department of Kazakh linguistics of L. N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: sareke.kk@gmail.com);

Melis Aishyrak (corresponding author) – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: aishok_051995@mail.ru).

Свидения об авторах:

Сарекенова Карлығаш Курманғалиқызы – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, и.о. профессора кафедры казахского языкознания Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: sareke.kk@gmail.com);

Меліс Айшырақ Медғатқызы (корреспондент-автор) – PhD-докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: aishok_051995@mail.ru).

*Келіп түсті: 18 сәуір 2025 жыл
Қабылданды: 9 маусым 2025 жыл*